

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа әскерлеріне және әскери құрылымдарына азаматтарды 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыруды жүргізуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Қостанай облысы Алтынсарин ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 71 қаулысы. Қостанай облысы Алтынсарин ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 6 сәуірде № 9-5-120 тіркелді

"Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңына, "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 3 наурыздағы № 1163 Жарлығына, "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 3 наурыздағы № 1163 Жарлығын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 11 наурыздағы № 250 қаулысына сәйкес Алтынсарин ауданының әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. 2011 жылдың сәуір-маусымы мен қазан-желтоқсанында шақырудан кейінге қалдырылу немесе босатылу құқығынан айырылған, он сегіз жастан жиырма жеті жасқа дейін ер жынысты азаматтарды, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа жетпеген және шақыру бойынша белгіленген әскери қызметті өткермеген азаматтарды мерзімді әскери қызметке кезекті шақыру өткізу ұйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін.

2. Қоса беріліп отырған 2011 жылға азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды жүргізу кестесі бекітілсін.

3. Селолық округтер, селолар әкімдері шақырылушылардың медициналық және шақыру комиссиясынан өту үшін жеткізілуін және олардың әскери қызметке жіберілуін қамтамасыз етсін.

4. "Қазақстан Республикасы ішкі істер министрлігі Қостанай облысы ішкі істер Департаментінің Алтынсарин ауданының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығына (келісім бойынша) өз құзыры шегінде шақырылушылардың арасында тәртіпті сақтау бойынша жұмыс ұйымдастыру ұсынылсын.

5. "Алтынсарин ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі 2011 жылға қарастырылған қаржы бөлу шегінде Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа әскерлеріне және әскери құрылымдарына азаматтарды 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті шақыруды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі іс-шаралардың қаржыландыруын аудандық бюджет қаражатынан қ а м т а м а с ы з е т с і н .

6. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары С.С. Қ ұ с а й ы н о в қ а жү к т е л с і н .

7. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2011 жылғы сәуірден бастап туындаған іс-әрекеттерге таратылады.

Алтынсарин ауданының әкімі *Б. Ахметов*
 КЕЛІСІЛДІ

"Қостанай облысы Қостанай ауданының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы

_____ *Р. Саттаров*

"Қазақстан Республикасы ішкі істер министрлігі Қостанай облысы ішкі істер Департаментінің Алтынсарин ауданының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесінің б а с т ы ғ ы

_____ *Б. Шубаев*

Ә к і м д і к т і ң
 2011 жылғы 31 наурыздағы
 № 71 қаулысымен бекітілген

2011 жылға арналған азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды жүргізу кестесі

№ р/с	Селолық округтердің, селолар атауы	барлығы	Негізгі күндер					Резервтік күндер	
			сәуір					мамыр	
			11	12	13	14	15	12	13
1	Большечураков	25				25			

2	Димитров	12			12				
3	Докучаево	25			25				
4	Красный Кордон	15					15		
5	Лермонтов	12					12		
6	Маяковский	8					8		
7	Новоалексеев	16				16			
8	Приозерный	4		4					
9	Свердловка	8	8						
10	Силантьев	39		39					
11	Обаған	7			7				
12	Щербаков	32	32						
	барлығы	203	40	43	44	41	35		

кестенің жалғасы:

№ р/с	С е л о л ы к о к р у г т е р д і н , с е л о л а р а т а у ы	барлығы	Негізгі күндер					Резервтік күндер	
			қазан					қараша	
			10	11	12	13	14	14	15
1	Большечураков	28				28			
2	Димитров	18			18				
3	Докучаево	28			28				
4	Красный Кордон	18					18		
5	Лермонтов	16					16		
6	Маяковский	8					8		
7	Новоалексеев	19				19			
8	Приозерный	4	4						
9	Свердловка	8	8						
10	Силантьев	49		49					
11	Обаған	7					7		
12	Щербаков	37	37						
	барлығы	240	49	49	46	47	49		